

## Алматы қаласы орталық бөлігінде жүк көлігі қозғалысына шек қою туралы

### *Күші жойған*

II сайланған Алматы қаласы Мәслихатының XXV сессиясының 2003 жылғы 11 маусымдағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 23 маусымда N 537 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2010 жылғы 22 қаңтардағы № 282 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXV сессиясы 2010 жылғы 22 қаңтардағы № 282 шешімімен.*

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңының 6 бабы 1 тармағы 2 тармақшасына, Қазақстан Республикасы "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" заңының 15 бабына сәйкес Алматы қаласының экологиялық жағдайын жақсарту және атмосфералық ауаны қорғау бойынша шараларды жүзеге асыру мақсатында II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **шешім қабылдады:**

1. II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаттың 27.02.2003 жылғы XXIV-і сессиясының "Алматы қаласы орталық бөлігінде жүк көлігінің жүруіне шек қою туралы" шешімі қайта бекітілсін.

2. Райымбек - Жангелдин - Қалдаяқов - Луганский - Тәттімбет - Горная - Әл-Фараби - Саин шаршысында жүк автокөлігінің қозғалысы шектелсін, бұл жағдайда сенбі, жексенбі күндері (жұма күнгі 24.00-ден 6.00-ге дейін) және мереке күндері (24.00-ден 6.00-ге дейін) қаланың авариялық, құтқару қызметтерінің және асфальт және бетон төсеудің үздіксіз технологиялық үрдісін қамтамасыз ететін көлігінен басқа жүк автомашиналарының қозғалысына тыйым салынады.

*Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Алматы қаласы Мәслихатының 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 182 шешімімен.*

2-1. Рысқұлов даңғылының оңтүстік жағындағы, Жангелдин көшесінің батыс жағындағы, Сайн көшесінің шығыс жағындағы шаршыда және ары қарай осы шешімнің 2 тармағындағы көрсетілген шаршысында массасы жүгімен қосқанда, жүктемені тарату кезінде бір белдеме үшін 8 тоннадан асатын жүк автомашиналарының қозғалысына тыйым салынсын, (Рысқұлов даңғылының өзінен қоспағанда).

*Ескерту. 2-1 тармақпен толықтырылды - Алматы қаласы Мәслихатының 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 182 және 2006 жылғы 28 ақпандағы N 232 шешімдерімен.*

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау экология және төтенше жағдайлар мәселесі жөніндегі тұрақты комиссияға (Б.Е. Бөлекбаев) және Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары З.И.Заяцқа жүктелсін.

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихаты XX-ші сессиясының*

*төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық*

*Мәслихатының хатшысы*

II-і сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының 2003 жылғы  
11 маусымдағы XXV-і сессиясының  
шешіміне қосымша

**Алматы қаласының орталық бөлігіне жүк  
көлігінің жүруіне шек қою туралы**

Осы Тәртіп Алматы қаласындағы жүк автокөлігін пайдаланатын барлық жеке және заңды тұлғаларға, меншік түрлеріне қарамастан, қолданылады.

1. Алматы қаласының орталық бөлігінде жүк автокөлігінің жүруі тек қана арнаулы рұқсатнамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Рұқсатнамаларды санын, түрлерін және мерзімдерін Алматы қаласы бойынша жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өкілетті орган (жол полициясы басқармасы) анықтайды.

3. Мүдделі адам рұқсатнаманы алу үшін жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өкілетті органға өтініш жасайды.

Өтініште мыналар көрсетілуі тиіс:

- негіз, Алматы қаласының орталық бөлігіне өтуінің мақсаты, қозғалыс бағыты ;

- баратын орны ;

- Алматы қаласының орталық бөлігіне өту үшін қажет мерзім;

- тасымалданатын жүкті аталуы;

- маркасы және тіркелу нөмірлері көрсетілген автомашиналар саны.

Өтінішке мыналар қоса беріледі:

- автомашиналарға арналған, құқық беретін құжаттар;

- жеке тұлғалар үшін жеке куәлігі және жүргізуші куәлігі;

- заңды тұлғаны тіркелуі туралы куәлігі;

- техникалық диагностика станциясында автокөлікті техникалық жағдайын тексеруден өткені туралы құжат.

Жол қозғалысын қамтамасыз ететін өкілетті орган осы Тәртіпті 3-тармағында көрсетілген өтініш және құжаттар негізінде барлық қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 7 күн ішінде өтініш иесіне рұқсатнама береді.

Рұқсатнама тегін беріледі.

4. Рұқсатнама беруден бас тарту барлық қажетті құжаттарды ұсынған сәттен бастап 3 күндік мерзімде негіздемелері көрсетіліп, жазбаша рәсімделеді.

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихаты XX-ші сессиясының төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК